

**№49 «Думан» бөбекжай – балабақшасының қамқоршылық кеңесінің
№ 1 хаттамасы**

08 қараша 2023 ж.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің саны: 13

Қатысқандар саны: 9

Қатыспағандар саны: 4

Күн тәртібінде:

- 1.Қамқоршылық кеңесін құру, мүшелерін бекіту. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын талқылау, бекіту, жоспармен таныстыру. Кеңес мүшелерін нұсқаулығымен таныстыру және міндеттерін түсіндіру.
- 2.Балабақшадағы тәрбиеленуші балаларды тамақтандыру үшін арналған 10 күндік ас мәзірімен таныстыру, талқылау
- 3.Қамқоршылық кеңес мүшелерін балабақшаның және қосымша ақылы, ақысыз үйірмелердің жұмыстарымен таныстыру, экскурсия жасау.
4. Келесі тоқсанға кездесу уақытын белгілеу

Тыңдалды.

«Ақтобе қаласы білім бөлімі» ММ 04.10.2023 ж №158 бұйрығына сәйкес күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің шешімімен төрайым сайланды, кеңес мүшелерінің міндеттері түсіндіріліп таныстырылды.. Балабақша меңгерушісі А.Т Саликовамен қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын талқыланып қамқоршылық кеңесінің төрайымы Ермагамбетова Нурия Нуржановна бекітілді.

Екінші мәселе бойынша балабақша дәмбикесі В.В Чабанға сөз беріліп тамақтандыру үшін арналған 10 күндік ас мәзірімен таныстырылды.

Қамқоршылық кеңес мүшелеріне балабақшадағы қосымша ақылы, ақысыз үйірмелердің жұмыстары слайд арқылы көрсетіліп түсіндірілді және өткізілетін орындарына экскурсия жүргізілді.

Келесі мәселелер бойынша кеңес отырысы ақпан айына жоспарланып, оған дейін бекітілген жоспардағы мәселелер бойынша жұмыстану тапсырылды.

Шешім: ҚК жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Ермагамбетова Н.Н




№49 «Думан» бөбекжай балабақша меңгерушісі:

А.Т.Саликова



Хатшы:

Ниязова Ж.А



№49 «Думан» бөбекжай – балабақшасының қамқоршылық кеңесінің
№ 2 хаттамасы

15 ақпан 2024 жыл

Қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің саны: 13

Қатысқандар саны: 8

Қатыспағандар саны: 5

Күн тәртібінде:

1. 2023 жылдың жұмысын қортындылау, жылдың есебін беру.
2. Демеушілік жарналар есебінен бюджеттен тыс қаражатты тарту, тиісті есеп шотын ашу және оларды ұтымды пайдалану.
3. Балалар үшін балабақша алаңдарына қардан түрлі мүсіндер жасауға ата-аналарды ұйымдастыру.

Тыңдалды.

1. Балабақша меңгерушісі Саликова А.Т. сөз алып жылдың қортынды есебі берлді. МДҰ-да бюджеттік; ата-аналардан (заңды өкілдерден) баланы тамақтандыруға арналған қаражат; қосымша ақылы қызметтер бойынша төлем ретінде алынатын қаражат ресурстары бар екендігі айтылды. МДҰ-ның қызметін қаржылық қамтамасыз ету ҚР заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатынын және қаржылық ресурстар оқу-тәрбие процесін қолдауға және дамытуға жұмсалатыны жөнінде түсіндірілді.
2. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жалпы сипаттамасы мен мекеме қызметінің бағыттары түсіндірілді. ҚК төрайымы Н.Н.Ермагамбетова ҚК мүшелеріне демеушілік жарналар жайында түсіндіріп, демеушілерді тарту жұмыстарын тапсырды. ҚК мүшелерінің ұсыныстары: балабақша ауласының алдына көлік тұрағы, жаяу жүргінші т.с.с белгілер орнату үшін тиісті орындарға хабарлау, қар еріген кезде балабақша ауласының суын сорғызу, тазалау жұмыстарына бірігіп ат салысу немесе астана әкімдігі мен аудан бойынша белгіленген депутаттарға суағар жұмыстарын жүргізуге ұсыныс жазу туралы мәселелер қаралды.
3. Балабақша мен отбасы ынтымақтастығын нығайту мақсатында «Қысқы құрылыстар» байқауы ұйымдастырылғаны және топтардың «Үздік қысқы құрылыс», «Үздік идея», «Әдемі алаң» номинацияларымен марапатталғаны айтылды.

Шешім: ҚК жұмыстарды жүзеге асыруға атсалысу және алдағы отырыстарда келе алмай қалған ҚК мүшелеріне онлайн жүйесін ұйымдастыру туралы шешім қабылдады.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Ермагамбетова Н.Н.

№49 «Думан» бөбекжай балабақша меңгерушісі:

А.Т.Саликова

Хатшы:

Ниязова Ж.А.

№49 «Думан» бөбекжай – балабақшасының қамқоршылық кеңесінің

№3 хаттамасы

20 мамыр 2024 жыл

Қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің саны: 13

Қатысқандар саны: 6

Қатыспағандар саны: 7

Күн тәртібінде:

1. Аумақты жабдықтау, көгалдандыру бойынша жұмыс. «Бірлесіп ағаш отырғызайық» акциясы
2. Балалардың жазғы демалысты, сауықтыру шараларын ұйымдастыру.
3. Өткен тоқсандағы атқарылған шараларды қортындылау.

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі А.Т.Саликова аумақты тазалау, көгалдандыру жұмыстары бойынша жасалған жұмыстарды баяндады. Балабақшаның 2024ж түлектері аулаға тал отырғызды. Тәрбиеленушілер ата-аналармен бірге талдарды түтеп, гүлзарлар мен бау-бақшаны дайындауда. Осындай жұмыс барысында ҚК мүшелерінің ат салысып жүргендеріне ризашылық білдірді.
2. Балабақша ауласында балаларға арналған аумақтар безендірілуде (спорт алаңына арка, шахмат ойын үстелі т.б)
3. Балабақша топтары аталар, әжелер, әкелер, аналар клубтарына бөлініп мерекелік іс шараларға қатысып тәрбиеленушілерге ойын, іс-шара, салт-дәстүр түрларін көрсетіп ұлттық құндылықты дәріптеді.

Шешім: балаларға жазғы демалыс уақытын ұйымдастыру жоспары әдіскер А.Х.Урынбасароваға жүктелсін.


Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Ермагамбетова Н.Н



№49 «Думан» бөбекжай балабақша меңгерушісі:

А.Т.Саликова



Хатшы:

Ниязова Ж.А

